


Қарағанды облысының білім басқармасы
Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы
«Ақтоғай ауданының білім бөлімі» ММ
«Абай атындағы мектеп интернаты» КММ
Бекітемін
Мектеп директоры  А.Тазабеков



Қарағанды облысы білім басқармасының Ақтоғай ауданы білім бөлімінің «Абай атындағы мектеп интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2020 -2025 жылдарға арналған
БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Абай – 2020 жыл

1- БӨЛІМ МЕКТЕПТІҢ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Мектептің даму бағдарламасының атауы	Қарағанды облысы білім басқармасының Ақтоғай ауданы білім бөлімінің «Абай атындағы мектеп интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді дамыту бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама)
МДС жасау негізіндеме	<ul style="list-style-type: none"> - ҚР Конституциясы (1995 жылы 30 тамызда қабылданған), (02.02.2011ж. жағдайындағы өзгерістер және толықтырылулармен); - ҚР «Білім туралы» Заңы (2007 ж)(13.11.2015 ж. № 398-V өзгерістер және толықтырулармен); - ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017.12.04. «Болашақ бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы; - «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2017.29.11.№ 790 қаулысы; - ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 28.10.01. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы; - Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» ҚР Президентінің 2018. 15.02 № 636 Жарлығы; - ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018. 05.10 «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы; - ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018.21.11 «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы; - ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2019. 23. 01 Жастар жылының ашылуына және 2019.27.02 «Нұр Отан» партиясының ХУІІІ съезінде берілген тапсырмасы; - ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2019.02.09 «Сындарлы қоғамдық диалог- Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы; - Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – БҒДМБ); - «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі –МЖМБС) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі (ҚР

	<p>БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстан Республикасының 08.08.2002 жылғы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» № 345-ІІ Заңы; - Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 03.04.2013 жылғы «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» №115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 с бұйрық) ; - «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы; ‘ - «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығы; - Ақтоғай ауданы әкімдігінің Ақтоғай ауданының білім бөлімі «Абай атындағы мектеп интернаты» КММ жарғысы 970340001752 Қарағанды облысы, Әділет департаменті Ақтоғай ауданының әділет басқармасымен бекітілген 2017 жылдың 15 маусым №73-1930-21.
МДС жасауы мен жүзеге асыруы туралы қабылданған шешімнің күні мен негізі	Қарағанды облысы білім басқармасының Ақтоғай ауданы білім бөлімінің «Абай атындағы мектеп интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «25» наурыз 2020 ж күнгі №3 педагогикалық кеңес хаттамасы
МДС тапсырыс беруші	Мектептің Үйлестіру кеңесінің төрағасы
МДС әзірлеушілер	Қарағанды облысы білім басқармасының Ақтоғай ауданы білім бөлімінің «Абай атындағы мектеп интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
МДС мақсаты	Қазақстандық білім және ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту
Бағдарламаның негізгі міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту. 2. Білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу. 3. Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету. 4. Білім алушының зияткерлік , рухани- адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету. 5. Жан басына шаққанда қаржыландыруды енгізу. Мектепті цифрлық инфрақұрылыммен және замануи материалдық- техникалық базамен жаратқандыру.
МДС стратегиялары	1. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз

	<p>ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту;</p> <p>2. Білім алушыларды, педагогтерді, мектепті бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу. Оқу сабақтастығын қамтамасыз ету;</p> <p>3. Қауіпсіз әрі жайлы оқу ортасын қамтамасыз ету;</p> <p>4. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, интеллектуалды, рухани – адамгершілікті және физикалық дамуын қамтамасыз ету;</p> <p>5. Жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу. Мектепті цифрлық инфрокұрылыммен және материалдық- техникалық базамен жаратқандыру.</p>
МДС күтілетін нәтижелер	<ul style="list-style-type: none"> - Оқу үрдісі ұйымдастырушылық-оқу формасының әр түрлілігімен қамтамасыз етілді; - Орта білім беру педагогтерінің жаяпы санынан педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, педагог-модератор біліктілік деңгейіне ие педагогтер үлесі: 2020 жыл- 38 %, 2021 жыл- 60 % , 2022 жыл – 70 %, 2023 жыл- 75 % , 2024 жыл – 80 %, 2025 жыл – 85 %; - Шынайы білім сапасымен қамтамасыз ету үшін қоғамдық мәні зор істерге оқушыларды араластыруға және әлеуметтік тәжірибелерге қатысуға орта жасалды; - Тұлғаның тіршілікке икемді сапаларын анықтау мониторингі мен диагностика жүйесі жасалды; - Мемлекеттік стандартқа сәйкес білім, икемділік дағды деңгейлері артты
МДС жүзеге асыру кезеңдері мен мерзімдері	<p>1. Ұйымдастырушылық-уәждемелік-әдістемелік кезең (мамыр 2021 ж- желтоқсан 2021 ж);</p> <p>2. Әрекеттік – тәжірибенің қалыптасу кезеңі (қаңтар 2022 – желтоқсан 2022 ж);</p> <p>3. Жалпылау - қортындылау (аналитикалық-диагностикалық) кезең (қаңтар 2023 – желтоқсан 2023);</p>
МДС орындауды ұйымдастыру және бақылау	Қарағанды облысы ББД ОӘО Ақтоғай ауданының білім бөлімі
МДС жүзеге асыруды қаржыландыру көздері	Аудандық білім бөлімінің бюджеті

2- БӨЛІМ. КІРІСПЕ

Қарағанды білім басқармасының Ақтоғай ауданы білім бөлім «Абай атындағы мектеп интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі даму бағдарламасы жоғарыда аталған құжаттарға және Бағдарламаның әдіснамалық негізіне жататын мына нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді:

1. Заңдар: «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Мемлекеттік рәміздер туралы», «Тілдер туралы», «Мемлекеттік қызметтер туралы», «Ақпараттандыру туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы», «Қазақстан халықтарының ассамблеясы туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетушілік қолдау туралы», «Кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу».
 2. 2030 ж. дейін бала мүддесін қорғау бойынша ҚР Мемлекеттік саясат тұжырымдамалары; ҚР 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы; Инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері; ҚР –да өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
 3. ҚР БҒМ 2017-2021 жж арналған стратегиялық жоспары;
 4. ҚР 2015-2025 жж арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы;
 5. Жаңартылған білім беру мазмұнының одан әрі іске асыру жөніндегі 2018-2021 жылдарға арналған жол картасы;
 6. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар;
 7. Қазақстан мектептеріндегі оқу процесінде үш тілді оқытудың бірыңғай тілдік стандарты;
 8. «ҚР жалпы білім беретін мектептерінде оқу- тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» жыл сайынғы әдістемелік нұсқау хаттар;
 9. 2019-2024 жж «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайында Тәрбиелеудің тұжырымдамалық негізін іске асыру бойынша іс- шаралар жоспары.
- Мектеп Қарағанды облысындағы бүкіл білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады, ол 12 жылдық оқытуға біртіндеп көшу арқылы жалпы орта білім беруді қамтамасыз ету (білім берудің жаңартылған мазмұны).

3- БӨЛІМ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ ЖАЙ- КҮЙІ МЕН МӘСЕЛЕСІН ТАЛДАУ

1. Қазақстан бойынша ағымдағы жағдайды талдау

2016 жылдан бастап барлық деңгейлердегі білім беру жүйесі өзгеріске ұшырады, мемлекеттік қызметтерді көрсетудің бірқатар рәсімдерді цифрландырылды, орта білімнің жаңартылған мазмұнына көшу жүйелі түрде жүргізілді, талапкерлерге жылына 4 рет ҰБТ тапсыру мүмкіндігі берілді. Оқушының тиімділігі алынған білім көлемімен емес, оны меңгерген алуан түрлі дағдылармен, сыни тұрғыдан ойлауды дамытуымен анықталады.

Критериалды бағалау оқушының жеке жетістіктерін бағалау, оның күшті жақтарын анықтау және жұмыс жасау керек жақтарын көрсету үшін енгізілген. Сонымен бірге, оқу жоспарындағы өзгерістер МЖМБС –тен күтілетін нәтижелерге сәйкес бағалау құралдарын жүйелі түрде қайта қарауды, қорытынды аттесттау мазмұнын жаңартуды қажет етеді. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау кезең- кезеңімен PISA, SAT және т.б. халықаралық стандарттарға ауысады

2024 жылдан бастап 12 жылдық білім беруге кезең- кезеңмен көшу басталады.

ЖМЦ пәндерін ағылшын тілінде оқыту мектептер дайын болған кезде, білім алушылар мен олардың ата- аналарының тілектерін ескере отырып жүргізілетін болады.

Білімге деген сұраныстары ерекше балаларға инклюзивті ортада көмекші мұғалімдер (тәрбиешілер) қолдау көрсетеді.

Мұғалімдерді аттестаттау ұлттық біліктілік тесті арқылы жаңа форматта өтеді, бұл олардың жалақысын көтеруді де айқындайды. Педагогикалық кадрлардың даму жүйесіндегі оң өзгерістерге қарамастан, бірқатар проблемалар сақталып отыр: оқытушылар құрамына деген қажеттілік, мұғалімдердің біліктілігін арттырудың барлық жүйесін модернизациялау қажет. «Педагог мәртебесі туралы» Заң аясында мұғалімдер кәсіптерінің беделін көтеру бойынша шаралар кешені іске асырылатын болады. «Жаңа форматты басшы» бағдарламасы бойынша орта білім беру көшбасшылары үшін кадрлық резервті даярлау институты болады.

Ата- аналармен өзара әрекеттестік нысандары, оқушылардың оқу- тәрбиесінде және бос уақытында тәрбие жұмыстарын жоспарлау мен жүзеге асыруда, оларды қолдану мен сәйкестендірудің нақты механизмдерімен мінез- құлық стандарттарын әзірлеуге түбегейлі жаңа тәсілдер қажет болады.

2016-2019 жж арналған БҒДМБ іске асыру қорытындылары мақсаттар мен міндеттердің 76,4 % -ға орындалғанын көрсетті.

2020-2025 жж арналған БҒДМБ талдауынан : «Қазақстан халқының сауаттылық деңгейі мен құзіреттілігін бағалау әлемінің көптеген елдерінен айтарлықтай артта қалғандығын көрсетеді», «білім мен

ғылым жүйесінде жақын болашақта ұлттық адами капиталдың сапасының одан әрі нашарлау, кадрлардың кәсіби деңгейінің төмендеуі және елдің экономикалық әлеуетінің төмендеуі сөзсіз», «Қазақстан 6 білім және ғылым сапасын жақсарту үшін түбегейлі шаралар қабылдауға уақыт керек».

2. Мектеп бойынша жағдайды талдау

2.1. Ақпараттық анықтама.

Білім беру ұйымының қысқаша сипаттамасы :

Мекеменің толық атауы: Қарағанды білім басқармасының Ақтоғай ауданы білім бөлімінің «Абай атындағы мектеп интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

Мекеменің қысқартылған атауы: Қарағанды білім басқармасының Ақтоғай ауданы білім бөлімінің Абай атындағы мектеп интернаты»

КММ;

Меншік нысаны – мемлекеттік.

Занды мекенжайы: 100300 Қазақстан Республикасы
Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы ,
Абай селолық округі ,
Бейбітшілік көшесі № 1 үй
БСН 970340001752

Мекеме түрі: мемлекеттік жалпы білім беретін орта мектеп.

Оқыту тілі: қазақ

Құрылған күні:

- 1984 жылы орта мектеп
- 2012 жылы негізгі орта мектеп .

Соңғы күрделі жөндеуден өткен жылы: 2012 (жылу жүйесі) жыл.

Ғимарат - бір қабатты үш ғимарат, шеберхана, 30 орындық асхана, 1 медициналық кабинет, 9 паспортталған оқу бөлмелері бар.

Ғимарат ауданы: 2583,5 м²

Мектептің жобалық сыйымдылығы: 120 адам

Ресурстық орталық құрамына кіреді: Қарағанды білім басқармасының Ақтоғай ауданы білім бөлімінің «Абай атындағы мектеп интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

«Абай атындағы мектеп интернаты» КММ оқушылардың сандық және сапалық көрсеткіштері:

2.2. Контингенттің сипаттамасы: 5 орта буын (5-9 сынып) – 29 оқушы, 4 бастауыш буын (1-4 сынып) – 15 оқушы, мектепалды даярлық тобы: – 4 тәрбиеленуші , «Балауса » мектеп жанындағы шағын орталықта – 8 тәрбиеленуші.

2019 жылдың соңында оқушылар контингенті 45 оқушы құрады, сынып саны -9 . 2016 жылмен салыстырғанда оқушылар контингентінің оқушыларының


оқушылар контингенті тұрақсыз, бірде өсіп, бірде кему байқалады. Көбіне оқушылардың кему көп көрініс береді, бұл демографиялық және көші- қон процестерімен байланысты. 4 жылдың ішінде кему 10 % құрады.

Оқушылардың саны бойынша жылдық көрсеткіш:

Жылдар	Оқушылар саны	
2016-2017 о.ж.	48 оқушы	
2017-2018 о.ж.	53 оқушы	4 оқушыға артты
2018-2019 о.ж.	49 оқушы	2 оқушыға кеміді
2019-2020 о.ж.	44 оқушы	3 оқушыға кеміді

Барлық балаларға тең мүмкіндіктер теңдігі қағидаты білім алуға денсаулық жағдайына қарамастан жүзеге асырылады.

2.3. Білім сапасының үш жылдық салыстырмалы көрсеткіші



Оқушылар жетістіктері



Диаграммада көріп тұрғандай оқушылардың түрлі конкурс, оқу- зерттеу ғылыми жоба қорғау жұмыстары, интеллектуальдық ойындарға қатысып, 2016 ж. 26 бала (29 %); 2017 ж. – 30 бала (33 %); 2018 ж. 49 бала (56%) оқушы қатысып, олардың орташа есеппен 39 % жүлделі көрсеткіштерге қол жеткізген.

Оқушылар жетістіктерінде аудандық пән олимпиадасынан жетістіктер бар болғанмен, оқушылардың облыстық деңгейдегі пәндік олимпиадаға қатысуы төмен. Ғылыми жобаларды жақсартуда оқушылардың белсенділігін арттыру қажет.

2.4. Оқу- тәрбие жұмысын ұйымдастырудың 3 жылдағы ерекшеліктері

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бағытында «Зейін» жобасы аясында жұмыс жасайды. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын іске асыру барысында адами құндылықты зерттеу шеберханалары жоқ.

2.5. Педагог кадрлардың сапалық құрамы


. Мектеп жұмыскерлері -33, оның ішінде мұғалімдер – 16, олардың бірі- 14 жоғары білімді (88%) , 3 арнаулы орта (12 %). Педагогтардың 6- і жаңа форматтағы педагог-зерттеуші мен педагог-сарапшы (38%) – олардың 3 мұғалім педагог-зерттеуші (19 %) және 3 мұғалім педагог-сарапшы (19 %), 6 мұғалім жоғары санатты, 2 мұғалім 1 санатты, 1 мұғалім 2-санатты, 1 мұғалім санатсыз педагог кадрлар. 15 оқытушы жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша курстан өткен. Мұғалімдердің кәсіби жарыстарға, түрлі деңгейдегі олимпиадаға қатысуын бақылау, олардың тәжірибесін тарату және жариялау соңғы 3 жыл ішінде мұғалімдердің белсенділігінің артқандығын көрсетеді.

2.6. Социум мінездеме

Оқушылардың шығармашылық тұрғыда дамуына Абай селолық округінде мәдени шаралар өткізуге арналған 100 орындық концерттік сахнасы орналасқан, оның базасында ауыл мәдениет үйі жұмыс жасайды. Ауыл әкімдігі ішінде 11 мың кітап қорынан тұратын ауыл кітапханасы бар. Алайда, қоршаған ортада балаларға қосымша білім беруді ұйымдастыруға орта толық қарастырылмаған.

2.7. Мектептің материалдық техникалық базасы

Мектептің материалдық-техникалық базасы жыл сайын жаңартылмауы және толықтырылмауы оқу үрдісін ұйымдастыруға кедергі келтіріп отыр. Сонымен қатар, зертханалық жұмыстармен шұғылдануына, жаңа ақпараттарды іздеуіне, яғни жан-жақты ақпараттануына, ғылыми-ізденушілік жұмыспен шұғылдануына мүмкіншілік бермей отыр. Дамыта оқытуды қамтамасыз ететін МТБ 10 %, қосымша білім беруді қамтамасыз ететін МТБ 10 %, білім білік дағдыны қалыптастыратын материалдық – техникалық база стандартқа сәйкес жабдықталған кабинет, дамыта оқытуды қамтамасыз ететін МТБ жоқ. Қосымша білім беруді қамтамасыз ететін МТБ жеткіліксіз. МТБ техникалық – жобалау бағытында, мүсіндеу, бейнелеу өнері бағытындағы қосымша білім беру МТБ қамтылмаған. **Оқу – әдістемелік кешені**



Мектеп кітапханасында жыл сайынғы кітап қорының, жаңа буын оқулықтарының өсуі байқалады. Кітап қорының өсуі, оның ішінде жаңа буын оқулықтарының өсуі оқушылардың 100 % оқулықпен қамтамасыз етілуіне септігін тигізеді. Алайда диаграммада көрсетілгендей балалар кітабының өсу динамикасы төмен. Өйткені кітап қоры тек оқулықтармен ғана толықтырылады да, әдеби кітаптармен қамтамасыз ету төмен. Таңдау, қолданбалы курстардың оқу әдістемелік құралмен жабдықталуы әлсіз. Дамыта оқытуға бағытындағы бағдарламалармен толық қамтамасыз етілмеген. Қосымша білім беруді қамтамасыз ететін оқу әдістемелік кешендер жеткіліксіз. Білім беру дағдысын іске асыратын оқу – әдістемелік кешен 50 % қамтамасыз етілген.

Мектептің ресурс қорлары

<i>Мектептер</i>	<i>Педагогтер Ресурсы</i>	<i>Социум Мүмкіндіктері</i>	<i>Материалдық-техникалық жабдықталуы</i>	<i>Оқу-әдістемелік кешендермен жабдықталуы</i>
3. «Абай атындағы мектеп интернаты» КММ	Барлығы - 16 Педагог-зерттеуші мен педагог-сарапшы -6 (38 %)		11 компьютер 8 кабинет 0 интер/тақта 2 ПИК 4 ноутбук 2 планшет	Кітапхана қоры – 3878; Оқулық – 2834, Әдеби – 993; Электр. оқу – 51.

SWOT-талдауы

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<p>Бастауыш сыныптарды аяқтауда, 5 пен 9 – сыныптар аралығында бітіру тұрақтылығы сақталған, жеткізілім 100 % саяды..</p> <p>Білім сапасының салыстырмалы көрсеткіші бойынша әр жылда аздап алшақтық болғанмен, сапа тұрақты.</p> <p>Оқушылардың түрлі конкурс, оқу- зерттеу ғылыми жоба қорғау жұмыстары, интеллектуальдық ойындарға қатысып, 2017 ж.-26 бала (29 %); 2018ж. – 30 бала (33 %); 2019 ж. 49 бала (56%) оқушы қатысып, олардың орташа есеппен 39 % жүлделі көрсеткіштерге қол жеткізген. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бағытында «Зейін» жобасы аясында жұмыс жасайды.</p> <p>Жаңа форматтағы педагог- зерттеуші мен педагог- сарапшы педагогтар 37% құрайды.</p> <p>Ауыл әкімдігі ішінде 6 мың кітап қорынан тұратын кітапхана бар .</p> <p>Дамыта оқытуды қамтамасыз ететін МТБ 5% ББД іске асыратын оқу – әдістемелік кешен 50 % қамтамасыз етілген .</p>	<p>Оқушылар саны бастапқыдан 4% пайызға кемуі</p> <p>Жаратылыстану пәндері бойынша білім сапасының орта деңгейлілігі.</p> <p>Оқушылардың облыстық деңгейдегі пәндік олимпиадаға қатысуының төмендігі ;</p> <p>Жаратылыстану бағыты бойынша қосымша білім беру бағдарламасы жеткіліксіз.</p> <p>«Мәңгілік ел» ұлттық идеясын іске асыру барысында адами құндылықты зерттеу шеберханалары жоқ.</p> <p>Балалардың қосымша білім беруді ұйымдастыруға орта жоқ;</p> <p>Білім білік дағдыны қалыптастыратын материалдық – техникалық база стандартқа сәйкес жабдықталған кабинет жоқ.</p> <p>Дамыта оқытуды қамтамасыз ететін МТБ жоқ.</p> <p>Қосымша білім беруді қамтамасыз ететін МТБ жеткіліксіз.</p> <p>МТБ техникалық – жобалау бағытында қамтылмаған.</p> <p>Мүсіндеу, бейнелеу өнері бағытындағы қосымша білім беру МТБ қамтылмаған.</p> <p>Таңдау, қолданбалы курстардың оқу әдістемелік құралмен жабдықталуы әлсіз.</p> <p>Дамыта оқытуға бағытындағы бағдарламалармен толық қамтамасыз етілмеген .</p> <p>Қосымша білім беруді қамтамасыз ететін оқу әдістемелік кешендер жеткіліксіз.</p>
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатер

<p>Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді шеберліктерін білім жетілдіру курстар арқылы көтеру («Өрлеу», педагогикалық шеберлік орталығы, оқу әдістемелік орталығы);</p> <p>Семинар, вебинарларға онлайн қатысу арқылы педагогтардың шеберліктерін арттыру;</p> <p>Тірек мектебінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, ынтымақтаса зерттеуші мамандыққа бағыттау.</p> <p>Мемлекеттік даму бағдарламасына сәйкес (2019-2025 жылдарға арналған) іске асырылады.</p> <p>Ақтоғай селосының қосымша білім беру ұйымдарымен байланыс жасау.</p>	<p>Мектептегі бала санының азайып кетуі демографиялық жағдайдың төмендеуінің әсері ;</p> <p>Үш тілді меңгерген мамандардың, техникалық пәндер бойынша мамандардың жетіспеуі;</p> <p>Ауылдық жерлерге жас мамандардың тұрақтанбауы;</p> <p>TIMSS, PISA халықаралық, республикалық, облыстық зерттеулері;</p> <p>Мектептегі кейбір дарынды оқушылардың дарынды мектебіне, арнаулы орта оқу орындарына кетіп қалуы;</p>
--	--

Проблемалар:

SWOT-талдаудың нәтижесінде «Абай атындағы мектеп интернаты» КММ МТБ жетімсіздігі, жаңа мазмұнды енгізудегі қазіргі заманғы озық технологиялардың аз қолдануы. Дамыта оқыту, қосымша білім беру, зерттеу, жобалау жұмыстарымен айналысуға толық мүмкіндіктің болмауы. Мектептің қоғамдық ортамен тығыз байланыста болмауы (отбасымен, клубтармен, патриоттық сезімге, «Мәңгілік ел» идеясы құндылықтарының тәрбиелеу жұмыстарының әлсіздігі). Оқу – әдістемелік кешендердің жеткіліксіздігі.

- сабақ беру мен өз бетімен білім алу, білімін жетілдірудің тиімді әдіс-тәсілдерін таңдай алмауы;
- сыныптағы баланың санының аздығына байланысты оқытудың неғұрлым өнімді әдістерін таңдай алып, қолдана білмеу;
- оқушылардың ата-аналарын мектеппен ынтымақтаса жұмыс жасауға тарту жеткіліксіздігі;
- балаларды жергілікті қоғамдастықтың әлеуметтік-мәдени үдерістеріне қатыстырудың жеткіліксіздігі;
- оқушыларды тәжірибелік және тұлғаға бағытталған іс-әрекеттерге қатысуының қамтамасыз етілмеуі.
- желілік қауымдастықта жұмыс жасай білу дағдыларын қалыптастыруда қолжетімді мүмкіндіктен қалыс қалуы;
- үш тілді меңгерген мұғалімдердің жоқтығы;

Аталған проблемалар жедел шешуді талап етеді. Бұл мәселелерді шешу жолдары мектепті кең жолақты жоғары жылдамдықты Интернетке қосу арқылы шешілуі тиіс. Мектепті тиімді дамыту және білім сапасын көтеру мақсатында РО аясындағы желілік байланыс, қашықтан оқытуды дамыта отырып жұмыс жасау, ауылдық электрондық мектептер жүйесін енгізу жоспарлануда.

Жоғарыдағы проблемаларды шешудің жолдары:

1. Ауыл оқушыларының сапалы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуларына қолжетімділігін кеңейту және қамтамасыз ету;
2. Оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану;

3. Мектеп педагог қызметкерлері мен оқушыларының қашықтықтан және бейінді білім алу жүйесін дамыту, азаматтардың ақпараттық қоғам жағдайларында білім алуға қолжетімділігін арттыру.
4. Педагогикалық ұжымның сапалық құрамын арттыру.
5. Оқушылардың бойына рухани-адамгершілік құндылықтарды, патриотизм және салауатты өмір салтын қалыптастыру.

**Қарағанды облысы білім басқармасының Ақтоғай ауданы білім бөлімінің
«Абай атындағы мектеп интернаты»» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Ең басты мәселе талдау нәтижесіне байланысты ШЖМ басты проблемалары анықталғаннан кейін, оларды шешудегі мектептің оқу-тәрбие жөніндегі іс-қызметінің мақсаты мен оны ұйымдастыру бағыттарын қамтиды. Шағын жинақты мектеп атты ерекше статусқа ие мектептердің аталған мәселелері жедел және жүйелі шешімді талап етеді. «Қазақстан - 2050» Стратегиясы, Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты - білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу. Қазақстан Республикасының Президентімен 30 неғұрлым дамыған, бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылу туралы міндет қойылған. Осы мақсатқа жетуде білім беру жүйесін жетілдіру маңызды рөл атқарады. Бұл мәселелерді шешудің мүмкін жолдары Мемлекеттік білім беру бағдарламасында ұсынылған. Бағдарламада «Мәңгілік ел» Жалпыұлттық патриоттық идеяның құндылықтары негізінде өз Отанының патриоттары мен адамгершілік қасиеттері жоғары азаматтарды тәрбиелеуге үлкен көңіл бөлінген. Онда тұлғаның шығармашылық құзыреттіліктегі, үздіксіз білім мен тәрбиедегі, өзін-өзі кәсіби тұрғыдан айқындауындағы бәсекелі басымдықтарын қалыптастыру мақсатында балаларға қосымша білім берудің мазмұны көркем-эстетикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетану, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық, білім беру-сауықтыру және т.б. негізгі бағыттар бойынша жаңартылатыны атап көрсетілген.

Жалпы білім беру мазмұнының құрамдас бөліктері ғылым, өнер, дін, философия, мораль, құқық, саясат, технология болып табылатын мәдениет негіздерін құрайды. Осы тұрғыда жалпы білім беруді ғылыми, гуманитарлық және технологиялық деп қарастырған жөн. Жалпы білім беру көздері мектептік білім, қосымша білім, өздігінен білім алу, әлеуметтік-шығармашылық жұмыс тәжірибесі болып табылады. Білім берудің негізгі нәтижесі оқушылардың білім алуда, астарында қиын және маңыздылығы зор мәселелерді шешу ұғымы жатқан нақты бір деңгейге қол жеткізулері болып табылады.

Бүгінгі таңдағы өзекті мәселе әлеуметтік, мемлекеттік тапсырыс талаптарының негізінде түрлі деңгейлі және көпсалалы білімнің тапсырмаларын шешуге мүмкіндік беретін жаңа білім алу кеңістігін құру болып табылады. Жоғарыда аталған мәселелерді шешу жолдарының бірі - мектептердің материалдық-техникалық, кадрлық, ақпараттық және оқу-

әдістемелік ресурстарын қолдана отырып, шағын жинақты мектеп мұғалімдері мен оқушыларының дамуына мүмкіндік жасау. Ауылдық шағын жинақты мектептің ерекше мәртебесі оқу-тәрбиелеу, мәдени орталық, сонымен қатар тұрғындардың ауылда тұрақтануына ықпалын тигізетін факторлар ретінде заманауи білім мақсаттарына жетуде ерекше көңіл бөлуді талап етеді.

Миссиясы:

Ауыл оқушыларына үздік білім ресурстарына қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында білім беру кешеніне кіретін шағын жинақты мектептердің кадрлық, ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық әлеуетін нығайту.

Болжамы:

ШЖМ жалпы білім беру кеңістігіне біріктіретін ауыл мектептерінде білім сапасын арттыру мәселелері шешіледі.

Мақсаты:

Тәрбиеленушілер мен оқушылардың білім алу мұқтаждытарына сәйкес барлық деңгейде білім алу сапасымен және қолжетімділікпен қамтамасыз ету, зияткерлік, физикалық, рухани дамыған және табысты тұлға қалыптастыру.

Қағидалары:

Қарым-қатынас қағидалары – шағын жинақты мектептің педагогикалық ұжымының қатысуы, оқу-тәрбие жұмысының таңдаулы бағытына қызығушылық танытуы.

Ынтымақтастық қағидалары – өзара әрекеттестік, ұжымдық талқылау, міндеттер мен жауапкершілікті нақты анықтау, істің туралығы, шығармашылық зертханалар мен шеберханалардың даму бағдарламасын жүзеге асыру мерзімі, қызығушылық бойынша клубтар мен үйірмелердің болуы.

Шығармашылық қағидалары – жігерлілік, қызметтің жаңа жолдарын іздестіру, қойылған міндеттер мен мақсаттарды шешудің ерекше амалдары.

Ғылымилық қағидалары – жұмыс бағыты бойынша теориялық негіздерді терең озу, нәтижелердің талдауы және болжамы.

Тәжірибелік бағдарлану қағидалары – оқытудағы нәтижелерді жалпылауда педагогикалық тәжірибелерді қолдану.

Құндылықтары:

Аймақтың ауылшаруашылық секторының тұрақты дамуына қол жеткізу, еліміздің масштабында аймақтық білім жүйесінің және ауыл мектебінің білім алу кеңістігіндегі бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру;
Ауыл аймағының әлеуметтік-мәдени ортасының дамуы;
Ата-аналар қауымын және жергілікті қоғамды ауыл мектебінің өміріне қатысуға ынталандыру;
Орта білім беруді дамытудың мемлекеттік стратегиясын есепке ала отырып, мектепке қатысты әлеуметтік үміттерді жүйелендіру;

Мектептің қол жеткізуге тиіс және оның дамуының стратегиялық бағыттарын анықтайтын әлеуетті нәтижелер анықталды. Олар:

- өзін дамытушы тұлғаның өз тағдырын өзі шешуге және өзін-өзі тануға (қалыптасуға) жағдайлар кешенін құру;
- жеке білім алу маршрутына ұйымдастырушылық-әдістемелік сүйемелдеу көрсету үшін жағдай жасау;
- тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына, тәрбиесіне және әлеуметтенуіне жағдайлар кешенін жасау;
- оқушылардың білім алуда жеткен жетістіктерін кезеңдеп, әділ есепке алу үшін диагностикалық процедуралар және аспаптар жасау;
- оқушылардың танымдық әлеуетін жетілдіру, оларда зерттеу және жобалық мәдениет негіздерін, ізденіс пен шығармашылыққа ынталарын қалыптастыру;
- оқушылардың тәрбие және әлеуметтену тұжырымдамасын жүзеге асыру;
- оқушылардың білім сапасының мониторингін ұйымдастыру (халықаралық және отандық зерттеу нәтижелері);
- бақылау формаларына және бақылау-бағалау процедураларына бірыңғай талаптар, функционалдық сауаттылықты және біліктілікті өлшеу құралдарын жасау;
- 12 жылдық оқыту жағдайларында жұмыс жасауға қабілетті педагогтардың әдістемелік жұмысы мен өздігінен білім алу жүйесін жаңарту;
- үштілдік білім беруді енгізу үшін жағдайлар жасау.

**4- БӨЛІМ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ АҚТОҒАЙ
АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «АБАЙ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП ИНТЕРНАТЫ!»
КММ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ,
МІНДЕТТЕРІ, НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАРЫ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ
КӨРСЕТКІШТЕРІ**

**2020-2025 жылдарға арналған Қарағанды облысы білім басқармасының
Ақтоғай ауданы білім бөлімінің «Абай атындағы мектеп интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің дамудың стратегиялық бағыттары:**

1. Білім беру жүйесінің кадрлық әлеуетін дамыту;
2. Білім беру мазмұнын жаңарту және оқушыларды тәрбиелеу арқылы білім беруді жаңғырту;
3. Білім беруді қаржыландыру, материалдық- техникалық жаратқандырылуы және цифрлық инфрақұрылымды жақсарту;
4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығымен үштілділікті қамтамасыз ететін педагогикалық үрдіс ұйымдастыру;
5. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыруда тұлғаның қолайлы дамуына тіршілікке икемді сапаларын дамыту.

Мектеп құрылымы

Ауыл мектебі толық оқытудың екі сатысынан тұрады:

- I деңгей- бастауыш білім (1-4 сыныптар) *дайындық*
- II деңгей- негізгі орта білім (5-9 сыныптар) *бейінді білімге дейінгі*
- III деңгей – жалпы орта білім (10-11 сыныптар) *бейінді мектеп*

Бақылау –бағалау компоненті:

1. Сауалнама алу әдістері;
2. Әңгіме жүргізу;
3. Тестілеу;
4. Сұхбат және социометрия;
5. Бақылау және бақылау күнделігін жүргізу;
6. ББД тексеру;
7. Жобалау және модельдеу;
8. Тұлғаның жеке сипаттарын айқындайтын диагностикалар;
9. Функционалдық сауаттылығын анықтау мониторингі;
10. Оқушылардың құжаттары мен шығармашылық жұмыстарына талдау;
11. Шығармашылық және басқа зияткерлік конкурстарға қатысу арқылы;
12. Оқушылардың шығармашылық жұмыстар көрмесі;
13. Сессия және сессияаралық кезеңде сабақтар мен дамыту шараларына қатысу арқылы бағалау;
14. Оқушының білімділік дәрежесін (СОУ) анықтау;
15. Оқушының тәрбиелік деңгейін анықтау әдісі.

Күтілетін нәтиже

- Оқу үрдісі ұйымдастырушылық-оқу формасының әр түрлілігімен қамтамасыз етілді;
- Оқушылардың жеке нәтижелі шығармашылық жұмыс жасауына жағдайлар жасалды;
- Шынайы білім сапасымен қамтамасыз ету үшін қоғамдық мәні зор істерге оқушыларды араластыруға және әлеуметтік тәжірибелерге қатысуға орта жасалды;
- Тұлғаның тіршілікке икемді сапаларын анықтау мониторингі мен диагностика жүйесі жасалды;
- Қызығушылық бойынша клубтар ашылды, ауылдар мәдени орталықтар болып сақталып қалды;
- Мемлекеттік стандартқа сәйкес білім, икемділік дағды деңгейлері артты

Индикаторлар:

1. Оқу үрдісі ұйымдастырушылық-оқу формасына сессиялық, қашықтан оқыту, модульдік – блоктық, дамыта оқытумен қамтамасыз етілді;
2. Барлық мектеп бойынша білім беру сапасының 62% қол жеткізу (бүгінгі таңда бұл көрсеткіш Абай мектебі бойынша 52%)
3. Жобалау және модельдеу қабілетін дамыту деңгейін арттырудың 60% қол жеткізу, ғылыми жобалар байқауларына қатысу (бүгінгі таңда барлық тірек мектептері бойынша орташа көрсеткіш 49% құрайды);
4. Пәнаралық байланысты ұйымдастыру және біріктірілген сабақтарды жүргізу үшін оқу уақытының қолданылуының 70% қол жеткізу;
5. Оқушылар жұмысын өлшемді бағалаудың 65% қол жеткізу;
6. Мұғалімнің кәсіби өсуінің 100% қол жеткізу
7. Спорт секцияларында шұғылданатын балалар санын 29%-ға жеткізу;
8. Оқушылардың «Жас ұлан», «Жас қыран» сияқты балалар-жасөспірімдер қозғалысымен қамтуды 55%-ға жеткізу.

№	Мақсаттар мен міндеттерді іске асыру шаралары	Мерзімдері	Жауаптылар
<p>Мақсаты: Мектептік білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру , жалпыадамзаттық құндылықтардың негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту</p> <p>1-міндет. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту</p>			
1	«Педагог мәртебесі туралы» Заңды оқып, оның баптарын ата-аналар қауымы мен оқушыларға түсіндіру	2020 ж. басы	Әкімшілік, педагогтер
2	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагог мәртебесі , оқушы мен мұғалімге жүктемені төмендету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңмен, білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша жаңа НҚА- мен , мұғалімнің еңбегін нормалау жүйесімен, біліктілікті арттыру, педагогтерді қайта даярлау және аттестаттау курстарымен таныстыру	2020 ж және НҚА шығуына қарай	Мектеп әкімшілігі, педагогтер
3	Мамандықтың беделін арттыратын ақпараттарды орналастыру арқылы мұғалімнің жағымды имиджін қалыптастыру бойынша кешенді жұмыстар жүргізу (БАҚ, кездесулер, конкурстар, тәжірибе алмасу)	Үнемі	Аудандық ББ, әкімшілік, педагогтер
4	Үлгілік қағидаларының негізінде Педагогикалық әдеп кеңесін құру	2020 ж. сәуір	Мектеп директоры, кәсіподақ комитеті
5	Оқыту мен білім беру сапасын жақсартуға деген ынтасын арттыру үшін мұғалімдердің еңбек жағдайларын жақсарту	үнемі	Әкімшілік, кәсіподақ комитеті
6	Мұғалімнің кәсіби стандарты талаптарының және Е-портфолио бағдарламасын енгізу негізінде жаңа форматтағы мұғалімдерді аттестаттауды ұйымдастыру	Жоспар бойынша 2020 ж бастап	Директордың ОТІ орынбасары

7	Пән педагогтерінің қауымдастығын құру	2020-2021 жж	директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, педагогтер
8	Жыл сайынғы пән мұғалімдерінің форумына қатысуға дайындық	2020-2025 жж I жарты жылдығы	БҒМ, ЖАО, облББ
9	Аудиториядағы және қашықтықтан оқытудағы мұғалімдерге арналған курстар	ҚТЖ бойынша	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
10	«Дарынды балаларға талантты мұғалім», «Үздік педагог», «Педагогикалық идеялар пономасы» конкурстарына қатысу	Жыл сайын	БҒМ, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, педагогтер
11	«XXI ғасыр мұғалімі», «Тілдік құзыреттілік» бағдарламасы бойынша тілдік курстар	2020-2022 жж	«Өрлеу», директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
12	Мұғалімдерге жүйелік курстан кейінгі қолдау көрсету	Жоспар бойынша	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
13	Ең алғаш мұғалім болып жұмысқа кірген жас маманға бейімделу үшін тәлімгерлердің практикалық көмек көрсетуі	1-жыл ішінде	Директордың оқу ісі орынбасары, тәлімгерлер
14	Мектепке магистр дәрежесі бар мамандар тарту	2020-2025 жж	Мектеп директоры
15	Педагогикалық университетпен, колледжбен өзара әрекеттесу, барлық деңгейдегі пән мұғалімдерінің бірлестіктері, педагогикалық қызметтердің қызметін үйлестіру	үнемі	Әкімшілік
16	Мұғалімнің кәсіби стандартын қолдану (біліктілік пен біліктілік деңгейіне, мазмұнына, сапасына және жұмыс жағдайына қойылатын талаптар)	үнемі	Әкімшілік аттестаттау комиссиясы
17	Ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыру, оқыту практикасына жаңа әдістер мен технологияларды енгізу	Үнемі ОӘЖ жоспары бойынша	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, педагогтер

18	Басшылықта, басылымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында, журналдарда жарияланымдар әзірлеу. Мұғалімдердің үздік жұмыстарын, сабақтарды веб-сайттарда, интернетте орналастыру	Үнемі	Әкімшілік, педагогтер
19	Ерекше еңбегі үшін мұғалімдерді моральдық және материалдық ынталандыру жүйесін қолдану	Жұмыс нәтижесі бойынша	Мектеп директоры
20	«Жаңа форматты басшы» бағдарламасы аясында барлық деңгейдегі білім беру бөлімін модернизациялау жағдайында жетекші мұғалімдер қатарынан менеджерлердің кадрлық резервін қалыптастыру	Еңбек нәтижесі бойынша	БҒМ, ЖАО, мектеп директоры
21	Алқалық басқару органдарының, соның ішінде Қамқоршылық кеңестің жұмысы	үнемі	Әкімшілік, төрағалар
22	Автономды басқарудан корпоротивтікке көшу	2025 ж қарай	БҒМ, ЖАО, әкімшілік
2-міндет. Білім алушыларды, педагогтерді, мектепті бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу. Оқу сабақтастығын қамтамасыз ету			
1	Көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасына сараптама жүргізу (тексеру) және орта білім беруді ұйымдастырудың деңгейін анықтайтын өлшемдерді енгізу туралы нормативтік құқықтық актілерді зерделеу	2020 ж.	Әкімшілік
2	Сапалы сараптамалық зерттеу нәтижелері бойынша білім сапасын арттыру, мұғалімдердің әлеуетін, материалдық-техникалық жабдықтауды арттыру стратегиясын әзірлеу	Тексеру нәтижесі бойынша	БҒМ, білім сапасын қамтамасыз ету комитеті, әкімшілік
3	Тәуекел дәрежесін бағалаудың жаңа критерийлерімен және білім беру жүйесін тексеруге арналған бақылау парақтарымен танысу	2020 ж	Әкімшілік, педагогтер

4	Білім беру ұйымдары басшыларының қызметін КРІ бойынша бағалауды жүзеге асыру	Жоспар бойынша БҒМ	БҒМ
5	БД-ні сыртқы бағалауды, мектеп оқушыларының білімін критериалды бағалауды (формативті және жиынтық бағалауды, үлгерім шкаласы), МЖМБС –ның күтілетін нәтижелеріне сәйкес бағалау құралдарын қарастыру тетіктерін жетілдіру туралы ҚР БҒМ бұйрығымен танысу	2020 ж	Әкімшілік , педагогтер
6	4 және 9- сыныптардағы оқушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелерін білім беру мониторингінің нәтижелері бойынша қарастыру және оларды жетілдіру бойынша шаралар қабылдау	2020-2025 жж	БҒМ, ауд ББ, мектеп әкімшілігі
7	Тест тапсырмаларын әзірлеу және мұғалімдердің ұлттық біліктілік тестілеуін өткізу	2020-2025 жж	ҚР БҒМ, ЖАО
8	Ата-аналар қауымдастығының алдында оқу тоқсанының нәтижелері бойынша онлайн-қоғамдық тыңдау	Жылына 2 рет	Мектеп директоры
9	Қатысудың халықаралық салыстырмалы зерттеулермен танысу: -PISA – дағы 15 жастағы оқушылар (математика, оқу сауаттылығы, ғылым); -PIRLS-та 4-сынып оқушылары (оқу); - 4,8,11-сынып оқушылары - TEMSS Advanced (математика және ғылыми сауаттылық); - 14 жастағы оқушылар ICILS (компьютерлік және ақпараттық сауаттылықты бағалау)	Зерттеу жүргізу бойынша	БҒМ, ЖАО, әкімшілік
10	Дарынды балалардың олимпиадаларға, ғылыми жарыстар мен жобаларға	Жоспар бойынша «Дарын»	Әкімшілік, педагогтер

	қатысуы		
11	Мектеп түлектерімен кәсіби бағдар беру жұмысы (кластер аясында көптілділікті ескере отырып, оқытушылық мамандықты таңдауға баса назар аудару)	Жоспар бойынша	Директордың оқу ісі және тәрбие жөніндегі орынбасарлары
12	Мектепке дейінгі және бастауыш мектептердің сабақтастық жоспарларын орындау	Жыл сайын	Мектеп, МДҰ
13	Жоғары сынып оқушыларына арналған «Өзінді студент сезін» демалыс мектебіне қатысу	2021-2023 жж	Колледждер, ЖОО, директордың тәрбие орынбасары
14	1-сынып латын графикасына негізделген Ахмет Байтұрсынов әдіснамасы негізінде «Әліппе» пәнін оқу	2024 ж. тамыз	БҒМ, мектептер
3-міндет. Қауіпсіз әрі жайлы оқу ортасын қамтамасыз ету			
1	Балалардың әл-ауқатының индекcін тестілеу бойынша әлеуметтік зерттеу нәтижелерімен танысу (материалдық жағдай, денсаулық, білім, қауіпсіздік және қауіп-қатер, әлеуметтену)	2020-2021 жж желтоқсан	БҒМ, директор
2	Балалардың туылғаннан бастап ересек жасқа дейінгі құқықтарын қорғау бойынша мемлекеттік органдардың өзара әрекеттесу алгоритмін зерттеу	2020-2021 жж.	БҒМ, МЗ, ЕХӘДМ, ИМ
3	Инклюзивті ортада БСЕ бар балаларға персоналдың жаңартылған біліктілік талаптарына сәкес (арнайы оқытушы, пән мұғалімдері, оқытушының көмекшісі және т.б.) кәсіби стандарт негізінде қолдау көрсету	2020-2025 жж	БҒМ, әкімшілік
4	БСЕ бар балалардың білімге қажеттілігін бағалау өлшемшарттары қолдану	Әзірлеу бойынша	БҒМ, мектеп
5	Инклюзивті білім беруді қолдау	Үнемі	Басшылар

	үшін ППТК, ПМПК, ресурстар кабинеттерімен өзара іс-қимыл		
6	Кәмелетке толмағандарға қатысты және кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылық деңгейін және оқушылардың өзіне –өзі қол жұмсау әрекетін анықтау үшін әлеуметтік зерттеу жүргізу	2020-2025 жж.	БҒМ, ЖАО, психолог
7	Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын –алу және оған қарсы әрекет ету, сонымен қатар өмірлік дағдыларын дамыту және суициттің алдын-алу бағдарламасын іске асыру	2020-2025 жж.	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, психолог
8	Отбасыларға әлеуметтік, құқықтық және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету үшін психологиялық қызмет пен мектептің келісім қызметі қызметін жүзеге асыру	2020-2025 жж.	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, психолог
9	Психологиялық- педагогикалық кеңестің жұмысы	үнемі	Психолог
10	Дисфункционалды отбасылардағы балалары, қауіпті балалар, девиантты мінез-құлқы бар балалар үшін жазғы лагерьлердің тақырыптық ауысымдарына қатысу	2020-2025 жж.	Директордың оқу ісі және тәрбие орынбасарлары, психолог
11	Балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасы жөніндегі іс-шараларды оқу – тәрбие жұмысының жоспарларына қосу (интернетте қауіпсіз жұмыс істеу дағдылары)	Жыл сайын	Директордың оқу ісі және тәрбие орынбасарлары, сынып жетекшілері
12	Мектепті бейнебақылау жүйелерімен, жеке шкафтармен, сондай-ақ ауыз сумен жабдықтау, санитария және гигиена құралдарымен жабдықтау	2020-2025 жж	ЖАО, аудББ, облББ, әкімшілік
13	Жоғары сапалы мектеп тамағын ұйымдастыруда қолма-қол ақшасыз төлемге кезең-кезеңмен	2020-2025 жж.	ЖАО, мектеп директоры, ата-аналар комитеті

	көшу.		
14	Балалармен, соның ішінде серуендеу, экспедициялар мен білім алушылармен экскурсиялар жүргізу кезінде қауіпсіздік техникасының жетілдірілген ережелерін оқып үйрену	2020-2025 жж.	Директордың оқу ісі және тәрбие, шаруашылық жөніндегі орынбасарлары
15	БСЕ бар оқушылар үшін қолжетімділік пен жеке тұлғалық орта құру, денсаулықты сақтайтын сипаттамалары бар жиһаздар мен жабдықтар сатып алу бойынша жұмыстарды жалғастыру	2020-2025 жж.	Директор, директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары
16	«Мектепке жол» республикалық акциясына қатысу	Жыл сайын	Директордың оқу ісі және тәрбие орынбасарлары
4-міндет. Білім алушылардың интеллектуалды, рухани-адамгершілікті және физикалық дамуын қамтамасыз ету			
1	«Рухани жаңғыру» бағдарламасының; «Туған жер», «Қазақстанның құнды географиясы», «Қазіргі әлемдегі заманауи қазақ мәдениеті», «Қазақстанның 100 жаңа тұлғасы» жобаларының негізінде тәрбиелеудің тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды жалғастыру	2020-2025 жж.	Директордың тәрбие орынбасары, педагогтер, оқушылар
2	«Жас қыран» (1-4-сынып), «Жас ұлан» (5-10-сынып) ұйымдасқан қоғамдық қызметіне білім алушыларды тарту	2020-2025 жж.	Директордың тәрбие орынбасары, сынып жетекшілері, тәрбиешілер
3	«Репродуктивті денсаулықты және жастар мен жасөспірімдердің қауіпсіз мінез-құлқын қорғау», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жобаларын, «Менің болашақ отбасым» тақырыбындағы облыстық эссе конкурстарын енгізу	2020-2025 жж.	БҒМ, - ЖАО, директордың тәрбие орынбасары

4	Азаматтық мен патриотизм деңгейін анықтауға арналған әлеуметтік зерттеуге қатысу	Жыл сайын	БҒМ, АҚДМ, ЖАО, мектеп
5	«Ұшқыр ой алаңы» білім алушылардың пікірталас қозғалысы жалпыұлттық мәдени – білім беру жобасын іске асыру	2020-2025 жж.	Директордың тәрбие орынбасары, тәлімгер
6	«Қоғамға қызмет» әлеуметтікбалалар волонтерлік жобасын іске асыру	2020-2025 жж.	БҒМ, ЖАО, директордың тәрбие орынбасары
7	«Мейірімді жүрек» мектептік еріктілер клубын ашу	2022 ж	Директордың тәрбие орынбасары
8	Дарынды балалармен жұмыс жүйесін жетілдіру: оқушылардың ғылыми бірлестігі – «ОҒБ», Кіші ғылым академиясы- «КҒА», «Дарын» қауымдастығы, «Интеллект» және «Жас зерттеуші» клубтары	Жеке жоспар бойынша	Директордың оқу ісі орынбасары
9	«Ата-аналар мектебі», «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобаларын іске асыру арқылы Zhastar KZ жобасы аясында ұлттық және отбасылық құндылықтарды қалыптастыру	2020-2025 ЖЖ.	БҒМ, директордың тәрбие орынбасары
10	Бұқаралық спортты, оның ішінде ұлттық спорт ойындарын дамыту	үнемі	Директордың тәрбие орынбасары
11	Экологиялық білім беру, әлемді құрметтеу, оқушылар арасында қаржылық және кәсіпкерлік дағдыларды қалыптастыру бойынша шаралар кешенін қалыптастыру	Оқу жылының басында	Директордың оқу ісі және тәрбие жөніндегі орынбасарлары
12	Оқушыларды мейірімділік, ізгілік, конфессияаралық, этникалық толеранттылықтың қоғамдық әрекеттеріне тарту	үнемі	Директордың тәрбие орынбасары
13	Оқушылардың жазғы демалысын арттыру. Орындалуы Қазақстан Республикасы премьер-министрінің «2020 -2023	2020-2025 жж.	Директордың тәрбие орынбасары

	жылдарға арналған демалыс кезіндегі балалардың демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» қаулысы		
14	Ата-аналардың, қоғамның ҮЕҰ қатысуымен «Мектеп өміріндегі бір күн» жобасын іске асыруға қатысу	Жылына 1 рет	Әкімшілік, педагогтер, оқушылар
5-міндет. Жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу. Мектепті цифрлық инфрақұрылыммен және материалдық-техникалық базамен жаратқандыру			
1	жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу	2020-2025 жж	БҒМ, ЖАО, мектеп
2	БСЕ балаларды қолдау үшін жан басына шаққанда қаржыландыру нормаларын әзірлеу және қолдану (әлеуметтік портфель)	2020-2025 жж	БҒМ, ЖАО, мектеп
3	Балаларды мектепке қабылдау үшін құжаттар қабылдау, мұғалімдердің аттестациясынан өту және басқа қызметтер бойынша мемлекеттік қызметтерді цифрландыру (портал арқылы)	2020-2025 жж	БҒМ, ЖАО, мектеп
4	Сандық инфрақұрылымды дамыту (сымсыз байланыс, бұлтты технологиялар, микросерверлер, компьютерлер мен перифериялық жабдықтар, жергілікті желі, кең жолақты интернет және т.б.)	2020-2025 жж	БҒМ, ЖАО, мектеп
5	БҰ туралы тұрғындарға толық ақпарат бере отырып, барлық БҰ интерактивті онлайн картасын құру	2020-2025 жж	БҒМ, ЖАО, мектеп
6	Онлайн-режимде ҰБДҚ қызметі	2020 ж бастап	Жүйе әкімшісі
7	«Күнделік» электрондық жүйесінде жұмыс	2023-2025 жж	Мектеп
8	Педагогтерді, білім алушыларды және кабинеттерді компьютермен қамтамасыз ету бойынша «1 мұғалім-1 компьютер», «1 оқушы-1	2025 жж	БҒМ, ЖАО, мектеп

	компьютер» жобасын іске асыру		
9	Мектептің пәндік кабинеттерімен, оның ішінде еңбекке баулумен, STEM-кабинетті, спорт жабдықтармен жаңарту	2020-2025 жж	БҒМ, ЖАО, мектеп
10	БҰ-да оқулықтарды тарату және жеткізу бойынша «Е- кітапхана» жобасы қатысу	2020-2025 жж	ЖАО, облББ, кітапханашы
11	IT- технология кабинетін ашу	2023-2025 жж	ЖАО, мектеп
12	«Тәрбие және білім» бағдарламасы, «Туған жер» жобасы аясында фандрейзинг режимінде қаржы ресурстарын қалыптастыру (жобаларды іске асыру үшін іздеу және қаражат жинау)	2020-2025 жж	Мектеп, қамқоршылық кеңесі

Қысқартуларды толық жазу

БҒДМБ	Қазақстан Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы
ОблББ	Облыстық білім басқармасы
аудББ	Аудандық білім бөлімі
МДБҰ	Мектепке дейінгі балалар ұйымы
ПБКА	Педагогтердің біліктілік арттыру курстары
ППТК	Психологиялық- педагогикалық түзету кабинеті
ІІМ	ҚР ішкі істер министрі
ДСМ	ҚР Денсаулық сақтау министрлігі
ЖАО	Жергілікті атқарушы орган
БҒМ	ҚР Білім және ғылым министрі
ҰБДҚ	Ұлттық білім беру дерекқоры
НҚА	Нормативтік құқықтық актілер
БҰ	Білім беру ұйымдары
БЕС	Білімге деген ерекше сұраныс
БМЖ	Білім беру мазмұнын жаңарту
ПМПК	Психологиялық- медициналық- педагогикалық консультация
ҮОЖ	Үлгілік оқу жоспары
ОТІ	Оқу-тәрбие ісі